

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

«Асыл-ай» бөбекжай- бақшасы

29 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: Акт залы

Педагогикалық кеңес № 1

Қатысқандар: Педагогтар, әдіскер, меңгеруші

Төрайымы: Н.Есжанова – балабақша меңгерушісі

Хатшы: М.Акимова – әдіскер

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы туралы
Меңгеруші Н.К.Есжанова
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жоспары
Әдіскер М.С.Акимова
3. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
Меңгеруші Н.К.Есжанова
4. Балабақшаның жылдық жоспарын, топтардың айлық перспективалық жоспарларын, күн тәртібін және «Аналар - әжелер, әкелер» мектебінің жоспарын бекіту
Топ тәрбиешілері
5. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы
6. Ағымдағы мәселелер:
Меңгеруші Н.К.Есжанова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша сөз бөбекжай-бақша меңгерушісі Н.Есжановаға берілді. Ол өз сөзінде жаз мезгілінде балалармен жүргізілген денсаулық сақтау, табиғатпен танысу, серуен, ойын, еңбекке баулу жұмыстарының барысы, жетістіктері, қиындықтары туралы баяндама жасалды. Балалардың таза ауада белсенді қозғалысы, дәруменді тамақтану, шынықтыру шаралары толық жүргізілгені атап өтілді.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша сөз бөбекжай-бақша әдіскері М.Акимоваға берілді. Ол өз сөзінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие

бағдарламасын іске асыру жоспарын таныстырып, жүзеге асыру туралы айтты. Бағдарламаның негізгі бағыттары: адалдық, әділеттілік, жауапкершілік, еңбекке тәрбиелеу. Бағдарлама бойынша балабақшада өткізілетін іс-шаралар, ойындар, әңгімелер мен ата-аналармен бірлескен жұмыстар таныстырылды.

Кезекті 3 мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырып өтті. ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хаттағы өзгерістер, назар аударатын тұстар, білім беру салалары мен бағалау талаптары бойынша түсіндіру жүргізілді. Нормативтік құжаттарды негізге алып жұмыс жасау, бағдарламаға сәйкес перспективалық жоспар жасап оны жүзеге асыру мәселесі жайлы айтылды.

Әрі қарай келесі мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Балабақшаның жылдық жоспарын, топтардың айлық перспективалық жоспарларын, күн тәртібін және «Аналар - әжелер, әкелер» мектебінің жоспарын таныстырып өтті. Мектептердің жұмыстарын топтарға бекітіліп, сол бойынша жұмыс жүргізілетінін атап өтті.

Әр топтың жылдық, айлық, күнделікті жұмыс жоспарлары, отбасымен жұмыс бағытындағы жоспарлар бекітіліп, тәрбиешілерге тапсырылды.

Күн тәртібіндегі 5 мәселе бойынша сөз шаруашылық меңгерушісі Ж.Әлшке берілді. Ол өз сөзінде жаңа оқу жылына балабақшаның даярлығы туралы айтып өтті.

Топ бөлмелерінің тазалығы, құрал-жабдықтардың толықтығы, көрнекіліктердің жаңартылуы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы туралы айтылды.

Одан әрі ағымдағы мәселелерді талқылау үшін сөз меңгерушісі Н.Есжановаға берілді. Балабақшаның жұмыс барысына қатысты бірнеше мәселе қозғалды.

- Мамандардың жылдық жұмыс жоспары
- Қауіпсіздік нұсқаулықтарымен танысу
- Мектепке баратын балаларға мінездеме тапсыру
- Психолог және медбике жоспарларының үйлесуі

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Адал азамат» бағдарламасы бойынша тәрбие жұмыстары барлық топта жүйелі жүргізілсін.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хаттың талаптары ескерілсін.

4. Балабақшаның барлық жоспарлары бекітілсін.
5. Топтардың оқу жылына дайындығы жақсы деп бағалансын.
6. Ағымдағы тапсырмалар мерзімінде орындалсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы
Хатшы



Н.Есжанова
М.Акимова